

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОЛДАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Елбасы Н. Назарбаевтың 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау мен көмек көрсету мәселесіне арнайы тоқталғаны белгілі.

Бүгінгі бала – ертеңгі азамат. Сол азаматты балабақшадан бастап болашақ өмірге бейімдеу, дені сау адамдардың арасында өздерін жайлы сезінуі үшін қолайлы жағдай қалыптастыру – білім беру ұйымдарының міндеті болып табылады.

Инклюзив - сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді. Демек, инклюзивті оқыту – мүгедек және дамуында сәл ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету үшін бірге оқыту.

Инклюзивті оқыту - барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, оқушылардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті



дамытуға мүмкіндік береді. Барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді қолдау бағытында жалпы білім беретін мектептерде белгілі себептермен ақыл - ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар білім алуда. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі.

Облыс бойынша мектеп жасындағы мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы саны 5945, оның жалпы білім беретін мектептерде оқитындар саны 3757 бала, арнайы мектептерде оқитын 334 бала, арнайы сыныптарда оқитындар саны 260 бала, инклюзивті білім алатындар саны 697, колледжде білім алушылар саны 71 оқушы, денсаулық сақтау ұйымдарында 100 бала, денсаулығына байланысты басқа облыстарда оқитындар саны 12 бала.



Оқыту процесі жаңартылған білім беру мазмұны шеңберінде арнайы білім беретін мектептер үшін әзірленген үлгілік оқу жоспарын (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 30 наурыздағы №233 бұйрығы) басшылыққа ала отырып ұйымдастырылады. Арнайы мектептерде барлығы 115 педагог және 61 тәрбиеші жұмыс істейді. Алайда бұл салада маман тапшылығы қатты сезілуде. Бұдан басқа арнайы түзету жеке, топтың дамыту бағдарламалар мен жұмыс жасайтын арнайы ұйымдар қызмет көрсетеді, олар психологиялық – педагогикалық түзеу кабинеттері (ППТК), мүмкіндіктері шектеулі балаларды сүйемелдеу бойынша психологиялық – педагогикалық түзету кабинеттері (ППТК), оңалту орталығы (ОО), психологиялық – медициналық – педагогикалық консультациялар (ПМПК).

“Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік дәрігерлік – педагогикалық және түзету көмегін көрсету туралы” инклюзивті білім беруді дамытуға бағытталған құқықтық құжат арнайы білім беру үшін басты және тарихи маңызды болыптабылады. Осы ретте облыс бойынша әрбір мүмкіндігі шектеулі оқушының даму деңгейі мен жас ерекшелігі ескеріліп, білім берілуде. Бүгінде еліміздің барлық аймағында мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді қолдау негізінде жалпы білім беретін мектептерде түзете-дамыта оқыту сыныптары ашылып жатыр. Бұл сыныптың мақсаты – әр мүмкіндігі шектеулі оқушыларды бір сыныпқа топтастырып, әр оқушыға жекеше оқу бағдарламасына сай білім беру. Бұл сыныптардың өз алдына үлкен қиыншылықтары бар. Себебі кейбір бұл мектептерде арнайы сыныпта әртүрлі сыныптан жиналған оқушылар оқиды.

Екіншіден, олардың жас ерекшелігі әртүрлі болғандықтан, әр сыныпқа өзінің сынып бағдарламасына сәйкес білім берілуі керек.

Үшіншіден, білім беру бағдарламасының әртүрлілігі. Төртіншіден, мұндай сыныпқа сабақ беретін пән мұғалімдерінің арнайы педагогикалық білімінің аздығы. Осының салдарынан балаларды оқытудың бірінші сатысында-ақ кедергілерге тап болып отырмыз. Мұғалімдер бұл қиыншылықтарды субъективті талдап, бала дамуындағы кемістіктерін күрделендіреді. Елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде жүзеге асырылуда. Онда 2015 жылға қарай мүмкіндігі шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары, мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді, түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады.

2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен арнайы парталар, арнайы үстелдер және басқа да компенсаторлық құралдармен жарақтандыру арқылы «кедергісіз аймақтар» құрылады.

Сондай-ақ аталмыш бағдарламада мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып, тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалмақ. Мүмкіндігі шектеулі балаларға жағдай жасау мақсатында, балалардың саны мен диагнозын зерделей келе, облыс әкімдігінің қаулысымен «Облыстық есту қабілеті кем дамыған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернатындағы» бала санының аздығына және «Облыстық арнаулы тіл мүмкіндігі бар балалардың №3 мектеп-интернатының» бала санының көптігіне (сонымен қатар, ПДТ сыныбы бар) байланысты орыны ауыстырылды.

Сонымен қатар, облыста 62 көзі нашар көретін бала тіркеуде тұр, олар үйден оқытумен және инклюзивтік білім берумен қамтылуда. Үстіміздегі жылы «Облыстық есту қабілеті кем дамыған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернатының» жанынан

көзі көрмейтін балаларға арналған арнаулы сынып ашылу жұмыстары жүргізіліп, ақпан айынан бастап іске қосылады.

Жалпы білім беретін мектептерде тіл кемістігі бар балаларға 10 логопункт және балабақшаларда арнайы 10 топ ашу көзделген. Атырау қаласында 85 баланы қамтитын мүмкіндігі шектеулі мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған түзету балабақшасы ашылды.



Бүгінгі таңда үйден оқып, білім алатын мүмкіндігі шектеулі балалардың бірлі – жарымы компьютерлік техникамен қамтамасыз етіліп отыр. Жоғарыда атап өткендей, мүмкіндігі шектеулі балаларды түзете-дамыта оқытудың негізгі жүйесі инклюзивті білім берудің тәжірибелік адымы неғұрлым ерте ғылыми теориямен өзіндік үндестігін тапса, онда еліміздегі мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген оң көзқарас қалыптасар еді. Сондай-ақ, инклюзивті білім берудің инновациялық жолдары – компьютерлік технология, интерактивті тақта сияқты білім беруге қажетті жаңа ақпараттық технологиямен қамтамасыз етіліп, келешекте мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру жүйесінде ешқандай кедергілер болмауы керек деп ойлаймыз.

Г.Д. ДЖУЛМУХАНОВА
Атырау облысы Білім беру басқармасы Әдістемелік кабинет әдіскері

АННОТАЦИЯ ○

Одной из задач госпрограммы развития образования Казахстана до 2020 года является совершенствование системы инклюзивного образования в школе. В статье методист управления образования Атырауской области Г.Джұлмуханова рассказывает как обстоят дела в регионе по обучению детей с ограниченными возможностями.